

## ЕРЕЖЕ

### Инновациялық білім беру технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша география пәні мұғалімдеріне арналған «Үздік жас педагог 2021» байқауы (онлайн форматта).

*Білімге апаратын жалғыз жол - белсенділік.*

*Бернард Шоу*

#### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже инновациялық білім беру технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша мұғалімдерге арналған «Үздік жас мұғалім 2021» байқауының (бұдан әрі - байқау) мақсаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу және қорытындысын шығару тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау комиссиясы:

- Нұр-Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығы;
- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы;
- «Дарын» ғылыми -практикалық орталығы;
- «Өрлеу» біліктілікті арттыру институты;

1.3. Байқауды дайындау мен өткізуді байқау комиссияның ішінен Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

1.4. Байқауды өткізу кезеңділігі жылына бір рет.

1.5. Байқау туралы ақпарат Нұр-Сұлтан қаласы «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК сайтында (бұдан әрі-ББЖО) орналастырылады.

#### 2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаттары:

- Әлеуметтік дамудың басым бағыттары жағдайында оқыту әдістері мен технологияларын өзгерту;
- қазіргі заманауи білім беру ортасында тиімді жұмыс жасау үшін орта білім беру ұйымдарының жас мұғалімдердің шығармашылық және кәсіби мүмкіндіктерін ашу.

2.2 Байқаудың негізгі міндеттері:

- мұғалімдердің шығармашылық ізденістерін ынталандыру, олардың бұдан әрі интеллектуалды және кәсіби өсуін ынталандыру;
- практикалық маңызды авторлық білім беру инновацияларын анықтау, іріктеу және – оқу үдерісі бойынша ұсыныстарды қабылдау;

– ұсынылған білім беру инновациялық оқу үрдісінде әзірлеу мен қолдану бойынша тәжірибе алмасу.

### **3. Байқауға қатысушылар**

3.1. Педагогикалық жұмыс өтілі 2 жылдан 3 жылға дейінгі, білім беру үдерісінде келесі бағыттар бойынша инновациялық технологияларды қолданатын орта білім беру ұйымдарының педагогтері:

- ақпараттық технологиялар;
- әлеуметтік-экономикалық;
- жаратылыстану;
- гуманитарлық;
- шығармашылық;
- спорт;

3.2. 1 қосымшаға сәйкес, байқауға қатысушылар электронды өтінім сауалнаманы толтырады және [zhasmaman.2021@mail.ru](mailto:zhasmaman.2021@mail.ru) электронды поштасына жібереді. Әр ұйым бір қатысушыны ұсына алады. (қазақ, орыс тілінде).

3.3. Байқауға қайта қатысу 3 жылда 1 реттен көп емес.

### **4. Байқау тапсырмалары**

4.1. Байқау 2 кезеңнен тұрады, әр кезең жеке ұпаймен бағаланады. Байқау жеңімпаздарын анықтау кезінде кезеңдердің ұпайлары жинақталады.

4.2. Байқау кезеңдері – сырттай. Бірінші кезең шеңберінде сараптау комиссиясы оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша ұсынылған жобалардың мазмұнын бағалайды.

4.3. Байқаудың бірінші кезеңінде 20 ұпайдан алған байқау қатысушылары екінші кезеңнің қатысушылары бола алады. Бес күн ішінде байқаудың келесі турына қатысу үшін Ақпарат хаты жолданады.

#### **4.4. Инновациялық білім беру технологиясының аннотациясы.**

Форматы: ұсынылған жұмыстың жазбаша аннотациясы (жеке жұмыс) (2-қосымша).

Аннотация өтініммен бірге Байқаудың электрондық поштасына жіберіледі [zhasmaman.2021@mail.ru](mailto:zhasmaman.2021@mail.ru).

Аннотация бөлімдері:

- жұмыстың білімділік және әдістемелік құндылығы;
- ұсынылған жұмыстың жаңашылдығы (өзіндік ерекшелігі);
- ресурстық қамтамасыз етуді қолданудың тиімділігі;
- ақпарат ұсыну мәдениеті.

#### Бағалау критерийлері:

- инновацияның білімді беру және әдістемелік құндылығы (5 ұпай);
- ұсынылған инновацияның жаңашылдығы (өзіндік ерекшелігі) (5 ұпай);
- қажеттілігі, әзірлемені оқу үдерісінде кеңінен қолдану мүмкіндігі (5 ұпай);
- ресурстық қамтамасыз етуді қолданудың тиімділігі (5 ұпай);
- ақпаратты ұсыну мәдениеті (5 ұпай).

Әділ қазылар алқасының пікірі байқау қатысушыларына берілмейді. Материалдар қайтарылмайды.

Бағалаудан кейін авторлық әдістемелер (бар болса) заманауи педагогикалық тәжірибені таныстыру және тарату мақсатында ББЖО сайтында орналастырылады.

#### **4.5. Визит картасы**

Визит карточкасы - бұл Power Point презентациясы (10 слайдтан аспайды). Слайдтардың мазмұны байқауға қатысушыны әділ қазылар алқасымен таныстыруға көмектеседі. Презентацияда конкурсант туралы ақпараттан басқа мұғалімнің педагогикалық қызмет нәтижелерінің динамикасы, оның ғылыми, әдістемелік және сабақтан тыс қызметі туралы түсінік беру қажет.

Визит картасының тақырыбы: «Менің мамандығым - мұғалім».

-

#### Бағалау критерийлері:

1. Өзі туралы қысқа, нақты ақпаратты ұсыну (3 ұпай);
2. Педагогикалық қызметі туралы мәлімет (5 ұпай);
3. Материалды беру эстетикасы (5 ұпай);
4. Қабылдау үшін қолжетімділігі (3 ұпай).

Визит картасын байқаудың келесі кезеңдеріне қатысудың растамасы ретінде байқаудың 1 кезеңі үшін 20 және одан да көп ұпай жинаған байқауға қатысушыға жіберіледі.

#### **4.6. 2 кезең «Шебер-класс» (регламент: 20 минутқа дейін)**

Формат: ашық онлайн сабақ.

#### Бағалау критерийлері:

- әзірленімнің инновациялылығы (5 ұпай);
- тақырыптың толыққанды ашылуы (5 ұпай);
- әдістемелік тәсілдердің өзіндік ерекшелігі (материалды беру) (5 ұпай);
- сыныптағы оқушылардың қарқындылығын жоғарылату және қолдау мүмкіндігі (5 ұпай);

- сыныптағы оқушылардың сыныпта өз бетінше іздену жұмысын ұйымдастыра білу (5 ұпай);
- оқушылардың өзара қарым-қатынасы мен өзара сыйластық атмосферасын құруы, қолдай білуі (5 ұпай);
- сабақпен өзара әрекеттесу қабілеті (5 ұпай);
- көпшілік алдында қоғамдық сөйлеу мәдениеті (5 ұпай).

### **5. Байқауды өткізу**

- 5.1. 1 кезең -өтінім-сауалнамалар, аннотацияларды тіркеу 8-11 қараша 2021ж.;
- 5.2. 2 кезең- шебер –сынып 17 қараша 2021ж.;
- 5.3. Байқау қорытындысын шығару 27 қараша 2021ж..

### **6. Жеңімпаздарды, лауреаттарды және байқауға қатысушыларды марапаттау**

- 6.1. Жеңімпаздарды марапаттау Нұр-Сұлтан қаласында өткізіледі.
- 6.2. Байқау нәтижесі бойынша «Үздік жас педагог 2021» номинациясының жеңімпазы анықталады.
- 6.3. Орындарды бөлу байқаудың барлық кезеңдерінің нәтижелері бойынша жиналған ұпайлар санына сәйкес жүргізіледі.
- 6.4. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Білім беруді жаңғырту орталығының бағалы сыйлықтарымен және I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады.

### **7. Жіберілетін материалдарға қойылатын техникалық талаптар**

- 7.1. Аннотация Microsoft Word редакторында орындалады: парақтың бағдары – А4 пішімі, беттің периметрі бойынша жиектер 2 см, Times New Roman шрифті, мәтін үшін шрифт өлшемі – 14 қаріп , кесте үшін шрифт өлшемі – 12 қаріп, жоларалық интервал – бір, туралау – парақтың ені бойынша. Аннотация көлемі-5 беттен артық емес.

*Үш жұмыс күні ішінде материалдардың түскенін растап e-mail-ге жіберіледі*

### **8. Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар**

- 8.1. **Аннотация** - Әдістеменің қысқаша сипаттамасы. Мазмұнның неғұрлым маңызды жақтарын қамтиды, жұмыстың айрықша ерекшеліктері мен қадір-қасиетін, қол жеткізілген (болжамды) нәтижелерді көрсетеді.
- 8.2. **Әдістеме** - оқытушылық қызмет нәтижесінде зерттелген және сыналған әдістердің жиынтығы.
- 8.3. **Шеберлік – сынып** -жоғары шеберлік сабағы.

- 8.4. Білім беру технологиясы - бұл процеске қатысушыларға қолайлы жағдай жасау кезінде нақты нәтижеге қол жеткізу үшін білім беру процесін жобалау, ұйымдастыру, бағдарлау және түзету бойынша студент пен оқытушының бірлескен іс-әрекетінің технологиялық жүйесі.
- 8.5. **Ресурстық қамтамасыз ету** - білім беру мақсатына қол жеткізу үшін оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық, ақпараттық құралдардың жиынтығы.
- 8.6. **Инновация** - бұл процесс тиімділігінің сапалы өсуін қамтамасыз ететін енгізілген жаңалық. Бұл адамның зияткерлік іс-әрекетінің, оның қиялының, шығармашылық процесінің, рационализациясының түпкі нәтижесі. Инновация кезеңдері: әзірлеу-енгізу процесі-сапалы түрде жақсарту.

*Байқауға материалдарды қабылдау және байқау қатысушылардың байланыстары [zhasmaman.2021@mail.ru](mailto:zhasmaman.2021@mail.ru) электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.*

**Өтініш-сауалнама**

**Білім беру үдерісінде білім беру технологияларын әзірлеу және енгізу үшін орта білім беру ұйымының мұғалімдеріне арналған  
«Үздік жас педагог 2021» байқауына қатысу.**

1. Тегі, аты, әкесінің аты (толығымен) \_\_\_\_\_

2. Жылы, айы, күні туған \_\_\_\_\_

3. Білім беру ұйымы \_\_\_\_\_

Мекен-жайы: қала \_\_\_\_\_ көше \_\_\_\_\_

телефоны \_\_\_\_\_

e-mail \_\_\_\_\_ (міндетті түрде көрсету)

4. Қатысушының біліктілік санаты

5. Педагогикалық еңбек өтілі \_\_\_\_\_

6. Байқауға мәлімделген оқытылатын пән

7. Авторлық әзірлеменің атауы (бар болса) \_\_\_\_\_

8. Толтырылған күні \_\_\_\_\_

## АННОТАЦИЯ

Автор туралы	Тегі Аты Әжесінің аты, Жасы Біліктілік санаты Білім беруді ұйымдастыруы
Оқытылатын пән	
Сабақта қолданылатын инновациялық технологияның атауы	
Білім беру технологиясының қысқаша сипаттамасы	
Жұмыстың оқу - әдістемелік маңызы	
Ұсынылған жұмыстың жаңашылдығы (өзіндік ерекшелігі)	
Ресурстарды тиімді қолдану	